

**"ББ-ны Тізілімге енгізу" өтінімі**

№	Жиек атауы	Ескертпе
1	Тіркеу нөмірі	
2	Білім беру саласындағы код және жіктелім	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
3	Дайындық бағытындағы код және жіктелім	7R011 Денсаулық сақтау
4	Білім беру бағдарламаларының тобы	R014
5	Білім беру бағдарламасының атауы	7R01104 - Радиология
6	ББ түрі	<p>Мәндер (әдепкі қалпы бойынша -ешқандай мән таңдалмаған):</p> <p>a) Қолданыстағы ББ;</p> <p><b>b) жаңа ББ;</b></p> <p>c) инновациялық ББ.</p>
7	ББ мақсаты	<p>Қоғам сұранысына ие, ересектер мен балаларға радиологиялық зерттеулер жүргізуге, олардың нәтижелерін интерпретациялауға және қорытынды жасауға, пациенттермен және олардың туыстарымен тиімді өзара қарым-қатынас жасауға, радиациялық қауіпсіздік стандарттары бойынша нормативтік құқықтық актілерді білуге, тәуекелдерді бағалауға, радиологиялық зерттеу әдістерін, есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізуге, радиологияда өз білімдерін үнемі жетілдіріп отыруға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілетті жоғары білікті радиологтарды даярлау.</p>
8	ББХСЖ бойынша деңгей	
9	ҰБШ бойынша деңгей	7
10	СБШ бойынша деңгей	7
11	ББ айрықша ерекшеліктері	<p><b>a) Жоқ;</b></p> <p>b) Бірлескен ББ (БББ)</p> <p>c) Қос дипломды ББ (ҚДББ)</p>
	Серіктес ЖОО (БББ)	Егер "ББ айрықша ерекшеліктері" жиегінде "Бірлескен ББ (БББ)" мәні таңдалса, бұл жиек көрсетілуі тиіс
	Серіктес ЖОО (ҚДББ)	Егер "ББ айрықша ерекшеліктері" жиегінде "Қос дипломды ББ (ҚДББ)" мәні таңдалса, бұл жиек көрсетілуі тиіс
12	Құзыреттер тізімі	<p>КК-1: Пациентке жетекшілік жасау: Рентгенологиялық зерттеулер жүргізу (рентгенологиялық, ультрадыбыстық диагностика, компьютерлік томография, магнитті-резонансты томография, ядролық медицина) және олардың нәтижелерін ересектер мен балаларда интерпретациялау, клиникалық тапсырмаға сәйкес оңтайлы рентгенологиялық зерттеу әдістерін таңдау, қосымша рентгенологиялық зерттеулерді негіздеу, рентгенологиялық зерттеулерге науқасты дайындау, рентгенологиялық зерттеу кезінде ересектер мен балаларға шұғыл көмек көрсету, рентгенологиялық зерттеу нәтижелерін салыстыру.</p>
13	Оқыту нәтижелері	<p>КК-2: Коммуникация және коллаборация: Медициналық этика және деонтология қағидаттарын сақтай отырып, аурудың ағымы және болжамы туралы</p>

		<p>пациентке немесе оның заңды өкіліне кеңес беру, пациенттің келісімін ала отырып диагностикалық әдістің ұсынылатын түрі, ықтимал асқынулары туралы пациентке ақпарат беру. Пациентке толық көмек көрсету үшін басқа медициналық мамандармен және қызметтермен командада жұмыс жасау.</p> <p>КК-3: Қауіпсіздік және сапа: Санитарлық ережелер мен радиациялық қауіпсіздік стандарттарын сақтап, пациент қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін радиологиялық зерттеу әдістерінің тәуекелдерін бағалау, радиологиялық зерттеу кезінде пациент алған рентген сәулесінің дозасын есептеу, радиологиялық зерттеулер жүргізу кезінде пациент пен персоналды радиациялық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету.</p> <p>КК-4: Қоғамдық денсаулық сақтау: Емдеуші дәрігерге науқасты одан әрі рентгенологиялық зерттеу жоспарын ұсыну үшін ағымдағы клиникалық хаттамалар бойынша білімді қолдану, клиникалық хаттамалар мен стандарттарға сәйкес рентгенологиялық тексерулер кезінде пациенттерге шұғыл көмек көрсету, профилактикалық радиологиялық (скринингтік) зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу; нормативтік құқықтық актілерге сәйкес медициналық тексерулер, медициналық құжаттарды жүргізу.</p> <p>КК-5: Зерттеу: Радиология бойынша зерттеу сұрақтарын құрастыру, гипотеза жасау, деректерді жинау және талдау, статистикалық талдау жасау және нәтижелерден қорытынды жасау; Әдебиеттерді іздеу және талдау, радиологиялық зерттеулердің зерттеу деректеріне сыни баға беру; Зерттеу нәтижелерін жазбаша түрде ұсыну және ғылыми журналдарда мақалалар жариялау; Зерттеу нәтижелерін рентгенологтың практикалық қызметінде қолдану.</p> <p>КК-6: Оқыту және дамыту: Кәсіби оқу іс-шараларына қатысу: конференциялар, семинарлар, вебинарлар. Жеке дағдыларды жаттықтыру: көшбасшылық, топтық жұмыс, эмпатия және бейімделу, бастама және мақсаттарға жету үшін жауапкершілік. Уақыт пен стрессті басқару дағдыларын дамыту.</p>
14	Оқыту нысаны	Күндізгі
15	Оқыту тілі	Қазақ, орыс
16	Кредиттер көлемі	140
17	Берілетін академиялық дәреже	Радиолог дәрігер
18	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның болуы	<b>Бар болады</b>
19	ББ аккредиттеудің болуы	Бар <b>Жоқ</b>
	Аккредиттеу органының атауы	Тиісті аккредиттеу органының атауы көрсетілуі тиіс
	Аккредиттеудің қолданылу мерзімі	Аккредиттеудің тиісті қолданылу мерзімі көрсетілуі тиіс
20	Пәндер туралы мәліметтер	ЖК/ТК ЖББП, БП, БП пәндері туралы мәліметтер <b>(2.2 қосымша)</b>

## Пәндер туралы мәліметтер

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаты (30-50 сөз)	Кредиттер саны	Қалыптасатын күзiреттер (кодтар)
<b>Бейiндеушi пәндер циклi</b>				
<b>Мiндеттi компонент</b>				
1	Рентгенология	<p>Пән санитарлық нормалар мен клиникалық хаттамаларды сақтай отырып, ересектерге рентгендік зерттеу жүргізу негіздерін, зерттеу нәтижелерін түсіндіруді, ересек науқастың рентгендік анатомиясын білуді, әртүрлі органдардың дамуын, физиологиясы мен аномалияларын, рентгенсемиотикасын, зерттеу негізінде қорытынды жасауды, алдыңғы рентгендік зерттеулермен салыстырмалы талдауды, пациент үшін рентгендік әдістердің қауіптілігін бағалауды, пациенттерді рентгендік диагностикаға дайындауды, рентгендік диагностика бойынша пациентке кеңес беруді, биоэтика қағидаларын сақтай отырып жүргізілген диагностика нәтижелері бойынша ғылыми зерттеулер мен жобаларға қатысу білітіліктерін үйретеді.</p>	30	КК-1, КК-2, КК-3, КК-4, КК-5.
2	Балалар рентгенологиясы	<p>Пән санитарлық нормалар мен клиникалық хаттамаларды сақтай отырып, балаларға рентгендік зерттеу жүргізудің негіздерін, зерттеу нәтижелерін түсіндіруді, балалардың рентгендік анатомиясын, әртүрлі органдардың дамуы мен физиологиясының нұсқалары мен аномалияларын білуді, рентгенографияны, рентгендік зерттеуді, зерттеу нәтижелерін түсіндіруді, рентгенсемиотиканы, зерттеу негізінде қорытындыны тұжырымдауды, алдыңғы рентгендік зерттеулерді салыстырмалы талдауды, балалар үшін рентгендік әдістердің тәуекелдерін бағалауды, ата-аналармен, пациенттермен және әріптестермен өзара тиімді</p>	12	КК-1, КК-2, КК-3

		әрекеттесу білітіліктерін үйретеді.		
3	Маммологиядағы радиология	Пән маммологиядағы сәулелік зерттеу әдістерін, BI-RADS жіктелімін, сүт бездерінің қатерсіз және қатерлі ісіктеріне диагноз қоюды, маммографиялық зерттеулер жүргізу қаупін бағалауды, маммография саласындағы қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді талдауды, пациенттермен және әріптестермен қарым-қатынас кезінде дәрігердің коммуникативті дағдыларын дамыуды үйретеді.	10	КК-1, КК-2, КК-3, КК-4
4	Ультрадыбыстық диагностика	Пән санитарлық нормалар мен клиникалық хаттамаларды сақтай отырып балалар мен ересектердегі ультрадыбыстық диагностиканың негіздерін, ультрадыбыстық құрылғылардың жұмыс істеуінің негізгі принциптерін, ультрадыбыстық диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін интерпретациялауды, ультрадыбыстық зерттеуді тағайындау тәуекелін бағалауды, пациенттерді ультрадыбыстық зерттеуге дайындауды, пациенттермен және әріптестермен қарым-қатынас кезінде дәрігердің коммуникативті дағдыларын дамытуды үйретеді.	20	КК-1, КК-2, КК-3, КК-4
5	Компьютерлік томография	Пән санитарлық нормалар мен клиникалық хаттамаларды сақтай отырып, балалар мен ересектерде компьютерлік томографияны жүргізу негіздерін зерттейді, іш қуысының, кеуде қуысының, буындар мен сүйектердің және басқа органдардың КТ нәтижелерін интерпретациялауды, КТ тәуекелдерін бағалауды, КТ жүргізу негіздерін үйретеді. компьютерлік томография аппаратының жұмысы, дәрігерлердің емделушілермен және әріптестерімен қарым-	20	КК-1, КК-2, КК-3, КК-4, КК-5, КК-6

		қатынас жасау дағдыларын, зерттеу сұрақтарын құрастыруды және ғылыми деректер қорында жұмыс істеуді, семинарлар мен конференцияларда зерттеу нәтижелерін ұсынуды үйретеді		
6	Магниттік-резонанстық томография	Пән санитарлық нормалар мен клиникалық хаттамаларға сәйкес балалар мен ересектердегі магнитті-резонанстық томографияның негіздерін зерттейді, МРТ суреттерін алу дағдыларын қалыптастырады, алдыңғы суреттермен салыстыру және процестің динамикасын анықтауды, пациент үшін МРТ тәуекелдерін бағалауды, магнитті-резонанстық томография аппаратының жұмыс істеу негіздері және дәрігерлердің пациенттермен және әріптестерімен қарым-қатынас жасау дағдыларын, зерттеу сұрақтарын құрастыру және ғылыми мәліметтер базасы арқылы жұмыс жасауды, ғылыми-зерттеу нәтижелерін семинарлар мен конференцияларда баяндауды үйретеді	20	КК-1, КК-2, КК-3, КК-4, КК-5, КК-6
7	Ядролық медицина	Пән санитарлық нормалар мен клиникалық хаттамаларды сақтай отырып балалар мен ересектердегі радионуклидті диагностиканың негіздерін, урология, сүйек және буын, онкологиядағы және басқа аурулардың радионуклидті диагностикасын, пациенттер үшін радионуклидтік диагностиканың қауіп-қатерін бағалауды, қолдануға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерін анықтау білітіліктерін үйретеді.	10	КК-1, КК-4, КК-3
8	Органдар мен жүйелер ауруларының кешенді сәулелік диагностикасы	Пән әртүрлі ауруларда кешенді сәулелік диагностиканы жүзеге асыру, жүрек-қантамыр жүйесі, тыныс алу мүшелері, сүйектер мен буындардың ауруларын диагностикалау, кешенді сәулелік диагностиканы тағайындау қаупін бағалау, пациенттермен қарым-қатынас	12	КК-1, КК-2, КК-3, КК-4

		кезінде дәрігердің коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға үйретеді.		
<b>Таңдау компоненті</b>				
1	Онкологиядағы дифференциалды диагностика	Пән онкологияда сәулелік зерттеу әдістерін қолдануды, қатерсіз және қатерлі онкологиялық аурулардың дифференциалды диагностикасын, сәулелік диагностика әдістерін тағайындау қаупін бағалау біліктіліктерін үйретеді.	4	КК-1, КК-2, КК-3
2	Фтизиатриядағы дифференциалды диагностика	Пән фтизиатрияда сәулелік зерттеу әдістерін қолдануды, туберкулездің қатерсіз және қатерлі ісік ауруларынан дифференциалды диагностикасын, сәулелік диагностика әдістерін тағайындау қаупін бағалауды үйретеді.	4	КК-1, КК-2, КК-3
3	Радиологиядағы дәлелді медицина	Пән PICO-ға сәйкес клиникалық мәселелерді анықтауды, радиологиялық зерттеулер бойынша дәлелді деректерді іздеуді, ғылыми зерттеулерге сыни талдау жүргізуді, зерттеу негізінде клиникалық мәселе бойынша қорытынды тұжырымдауды, клиникалық нұсқауларды қалыптастыру және пайдалануды, рентгенологтың тәжірибесінде алынған мәліметтерді қолдануды үйретеді	4	КК-1; КК-3; КК-5.
	<b>Қорытынды аттестация</b>		<b>2</b>	
	<b>Барлығы</b>		<b>140</b>	